

<p align="center"><b>«ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ Бас директордың м.а. 2025 жылғы «18» наурыздағы бұйрығымен бекітілген</b></p>	<p align="center"><b>Утвержден приказом И.о. Генерального директора АО «МФО ОнлайнКазФинанс» от «18» марта 2025 года</b></p>
<p align="center"><b>Микрокредит беру жөніндегі қосылу шарты</b></p>	<p align="center"><b>Договор присоединения по предоставлению микрокредита</b></p>
<p>Осы Микрокредит беру жөніндегі қосылу шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары осы стандартты нысанда айқындалған (бұдан әрі – Шарт), «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ (бұдан әрі – Кредитор) мен Қарыз алушы арасындағы қатынастарды реттейді, Кредитордың сайтында интернет желісінде <a href="http://www.solva.kz">www.solva.kz</a> мекенжайы бойынша жарияланған және Қарыз алушы (Қосалқы қарыз алушы) жалпы Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдануы мүмкін. Шарт талаптары оларға қандай да бір шарттарсыз/ескертулерсіз қосылған барлық Қарыз алушылар (Қосалқы қарыз алушылар) үшін жалпыға міндетті болып табылады.</p>	<p>Настоящий Договор присоединения по предоставлению микрокредита является договором присоединения, заключаемым в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского Кодекса Республики Казахстан, условия которого определены данной стандартной формой (далее – Договор), регулируют отношения между АО «МФО ОнлайнКазФинанс» (далее – Кредитор) и Заемщиком, опубликованы на сайте Кредитора в сети интернет по адресу: <a href="http://www.solva.kz">www.solva.kz</a> и могут быть приняты Заемщиком (Созаемщиком) не иначе как путем присоединения к Договору в целом. Условия Договора являются общеобязательными для всех Заемщиков (Созаемщиков), присоединившихся к ним без каких-либо условий/оговорок.</p>
<p>Қарыз алушының Шарт талаптарын қабылдауы Қарыз алушының микрокредит беру туралы өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қоюымен көрсетіледі. Өтінішке Қарыз алушы қағаз нұсқасында немесе Өтінішке электрондық түрде қол қою арқылы қол қоя алады. Қағаз нұсқадағы Өтінішке микрокредитті ресімдеу сәтінде Қарыз алушының (оның уәкілетті өкілінің) қатысуымен жеке қол қойылады. Өтінішті электрондық түрде Қарыз алушы Кредиторға Жеке кабинеті арқылы береді (қол қояды). Қарыз алушы Өтініш берген және Кредитор қол қойған күннен бастап Қарыз алушы Шарттың талаптарын да, Өтініштің талаптарын да сөзсіз қабылдай отырып, Шартқа толық көлемде қосылады.</p>	<p>Принятие Заемщиком условий Договора выражается подписанием Заемщиком Заявления о предоставлении микрокредита (далее – Заявление). Заявление может быть подписано Заемщиком на бумажном носителе или посредством подписания Заявления в электронном виде. Заявление на бумажном носителе подписывается в момент оформления микрокредита в присутствии Заемщика (его уполномоченного представителя) лично. Заявление в электронном виде предоставляется (подписывается) Заемщиком Кредитору посредством Личного кабинета. С даты подачи Заемщиком и подписания Кредитором Заявления, Заемщик присоединяется к Договору в полном объеме, безусловно принимая как условия Договора, так и условия Заявления.</p>
<p>Шарт пен Өтініш бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады, «Микрокредит беру туралы шарт» деп аталатын бірыңғай құқықтық құжат болып табылады. Микрокредитті өтеудің қол қойылған кестесі Өтінішке қоса беріледі. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды</p>	<p>Договор и Заявление являются неотъемлемыми частями друг друга, представляют собой единый правовой документ, именуемый «Договор о предоставлении микрокредита». Подписанный график погашения микрокредита прилагается к Заявлению. При изменении условий микрокредита, влекущих изменение</p>

төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит шарттары өзгерген кезде Қарыз беруші Қарыз алушыға алдыңғы Төлемдер кестесін алмастыратын және Қарыз алушы үшін міндетті болып табылатын жаңа шарттарды ескере отырып, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.	суммы (размера) денежных обязательств заемщика и (или) срока их уплаты, Кредитором составляется и выдается Заемщику новый график погашения микрокредита с учетом новых условий, который заменяет собой предыдущий график платежей, и является обязательным для Заемщика.
Өтінішке қол қойылған күн Шарттың күшіне енген күні болып табылады.	Датой вступления в силу Договора является дата подписания Заявления.
Шарт Кредитордың <a href="http://www.solva.kz">www.solva.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.	Договор размещен на интернет-ресурсе Кредитор <a href="http://www.solva.kz">www.solva.kz</a> .
<i>Шартта және Өтініште пайдаланылған терминдер мен анықтамалар ұғымдары Шарттың 10-бөлімінде берілген.</i>	<i>Понятия терминов и определений, использованных в Договоре и Заявлении, даны в разделе 10 Договора.</i>
<b>1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ</b>	<b>1. ОБЩИЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА</b>
1.1. Шарт жасалған күн Өтініште көрсетілген.	1.1. Дата заключения Договора указана в Заявлении.
1.2. Кредитор Қарыз алушыға Өтініште айқындалған сомада және мерзімге ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, сондай-ақ Өтініште көзделген жағдайларда қамтамасыз ету және нысаналы пайдалану шарттарында микрокредит береді.	1.2. Кредитор предоставляет Заемщику микрокредит в сумме и на срок, определенные в Заявлении, на условиях платности, срочности, возвратности, а также обеспеченности и целевого использования в случаях, предусмотренных Заявлением.
1.3. Микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредиттің нысаналы мақсаты, микрокредиттің толық құны Өтінішпен айқындалады. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, микрокредит бойынша артық төлем сомасы Шарттың/Өтініштің талаптарына сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбына (айыппұлға, өсімпұлға) байланысты ұлғайтылуы мүмкін.	1.3. Сумма переплаты по микрокредиту, целевое назначение микрокредита, полная стоимость микрокредита определяются Заявлением. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по Договору сумма переплаты по микрокредиту может быть увеличена из-за начисленной неустойки (штрафа, пени) в соответствии с условиями Договора/Заявления.
1.4. Микрокредит сомасын Қарыз алушының Шотына (Картасына) немесе тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатушының банк шотына/төлем карточкасына есептеу күні немесе Қарыз алушыға терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша беру күні микрокредит беру күні болып табылады.	1.4. Датой предоставления микрокредита является дата зачисления суммы микрокредита на Счёт (Карту) Заемщика или на банковский счет/платежную карточку продавцу товаров (работ, услуг) или дата выдачи Заемщику наличных денег через терминал или кассу.
1.5. Қарыз алушы қате деректерді, оның ішінде Шот/Карта деректерін қате ұсынған жағдайда, Қарыз алушы микрокредит алмау тәуекелін көтереді. Бұл ретте микрокредит Қарыз алушыға берілген, ал Кредитордың міндеттемесі толық орындалған болып есептеледі. Микрокредит шарты бойынша микрокредит сомасын қайта алған/Қарыз алушының Шотына/Картасына Кредиторға тәуелді емес мән-жайлар бойынша микрокредит	1.5. В случае предоставления Заемщиком ошибочных данных, в том числе данных Счета/Карты, Заемщик несет риск неполучения микрокредита. При этом, микрокредит считается предоставленным Заемщику, а обязательство Кредитора полностью исполненным. В случае повторного получения суммы микрокредита по Договору микрокредита/ошибочного зачисления суммы денег, превышающую сумму микрокредита по

<p>сомасынан асатын ақша сомасын қате есептеген жағдайда, Қарыз алушы Кредитормен дереу байланысуға және 3 (үш) жұмыс күні ішінде микрокредит сомасынан асатын мөлшерде қате түскен ақшаны Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Кредитордың шотына қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.</p>	<p>независящим от Кредитора обстоятельствам на Счет/Карту Заемщика, Заемщик обязуется незамедлительно связаться с Кредитором и осуществить в течение 3 (трех) рабочих дней возврат ошибочно поступивших денег в размере, превышающем сумму микрокредита, на счет Кредитора по реквизитам, указанным в Заявлении.</p>
<p>1.6. Егер микрокредитті өтеу кестесінде өзгеше белгіленбесе, микрокредитті өтеу мерзімі Өтінішпен айқындалады. Микрокредитті өтеу кестесіндегі төлем күні Өтініште көрсетілген Кредитордың шотына төлем есептелген (түскен) күн болып есептеледі. Бұл ретте Қарыз алушы микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес Астана қаласының уақыты бойынша 16 сағат 45 минутқа дейін микрокредитті өтеу үшін сомаларды қамтамасыз етуге міндеттенеді; егер өтеу үшін қажетті сома осы тармақта көрсетілген уақыттан кешіктіріліп келіп түскен жағдайда, есептен шығару микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруді қалыптастыра отырып, келесі жұмыс күні жүргізілетін болады.</p>	<p>1.6. Срок погашения микрокредита определяется Заявлением, если иное не установлено графиком погашения микрокредита. Датой платежа в графике погашения микрокредита считается день зачисления (поступления) платежа на счет Кредитора, указанный в Заявлении. При этом Заемщик обязуется обеспечивать суммы для погашения микрокредита в соответствии с графиком погашения микрокредита до 16 часов 45 минут по времени города Астана; в случае если сумма необходимая для погашения поступит позже времени, указанного в настоящем пункте, списание будет произведено на следующий рабочий день с образованием просрочки исполнения обязательств по микрокредиту.</p>
<p>1.7. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептеледі және Өтінішпен айқындалады.</p>	<p>1.7. Ставка вознаграждения за пользование микрокредитом и годовая эффективная ставка вознаграждения рассчитываются в соответствии с требованиями уполномоченного органа и определяются Заявлением.</p>
<p>1.8. Сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің саны үшін микрокредит берілген күннен бастап жүргізіледі, бұл ретте жылына нақты күнге және айдағы нақты күндер санына тең күндер саны есепке алынады, бұл ретте микрокредит берілген күн мен оны өтеген күн күнтізбелік 1 (бір) күн үшін қабылданады. Қарыз алушы негізгі борыш сомасын уақтылы төлемеген жағдайда, сыйақы мерзімі өткен негізгі борыш сомасына да есептеледі.</p>	<p>1.8. Начисление вознаграждения производится с даты предоставления микрокредита за фактическое количество дней пользования микрокредитом, при этом в расчет берется фактическое количество дней в году и фактическое количество дней в месяце, при этом день выдачи микрокредита и день его погашения принимаются за 1 (один) календарный день. В случае несвоевременной оплаты Заемщиком суммы основного долга, вознаграждение начисляется также на суммы просроченного основного долга.</p>
<p>1.9. Микрокредитті қайтаруды және микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес жүргізеді. Микрокредитті өтеу кестесі бойынша жоспарлы төлем сомасынан артық мөлшерде төлем аударылған кезде жоспарлы төлемнен асатын сома келесі төлем кезеңінде микрокредитті өтеуге</p>	<p>1.9. Возврат микрокредита и оплата вознаграждения за использование микрокредита производятся Заемщиком согласно графику погашения микрокредита. При перечислении платежа в большем размере, чем сумма планового платежа по графику погашения микрокредита, сумма, превышающая плановый платеж,</p>

<p>есептеледі (бұл ретте негізгі борыш пен сыйақы сомасы қайта есептелмейді).</p>	<p>засчитывается в погашение микрокредита в следующем платежном периоде (при этом суммы основного долга и вознаграждения не пересчитываются).</p>
<p>1.10. Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Өтінішпен айқындалады. Бұл ретте, оған қол қойылған сәтке дейін Кредитор Қарыз алушыға микрокредитті төлем қабілеттілігін ескере отырып, танысу және өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;</li> <li>- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.</li> </ul> <p>Сондай-ақ, Кредитор Қарыз алушыға микрокредит беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестесінің қосымша жобаларын ұсына алады.</p>	<p>1.10. Способ и метод погашения микрокредита определяются Заявлением. При этом, до момента его подписания, Кредитором Заемщику для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита с учетом его платежеспособности предоставляются проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных различными методами:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;</li> <li>- методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других.</li> </ul> <p>Также Кредитором Заемщику могут быть предложены дополнительные проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных в соответствии с его правилами предоставления микрокредитов.</p>
<p>1.11. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және микрокредит бойынша сыйақы төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі мен мөлшері Өтінішпен айқындалады. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Қарыз алушыны микрокредитті қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды.</p>	<p>1.11. Порядок начисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения по микрокредиту определяются Заявлением. Уплата неустойки (штрафа, пени) не освобождает Заемщика от исполнения обязательств по возврату микрокредита и уплате вознаграждения.</p>
<p>1.12. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:</p> <p>1) негізгі борыш бойынша берешек;</p>	<p>1.12. Сумма произведенного Заемщиком платежа по Договору, в случае если она недостаточна для исполнения обязательств Заемщика по Договору, погашает задолженность Заемщика в следующей очередности:</p> <p>1) задолженность по основному долгу;</p>

<p>2) сыйақы бойынша берешек;  3) Шартта/Өтініште айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);  4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;  5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;  6) Кредитордың орындау бойынша шығындары.</p>	<p>2) задолженность по вознаграждению;  3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном Договором/Заявлением;  4) сумма основного долга за текущий период платежей;  5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;  6) издержки Кредитора по получению исполнения.</p>
<p>1.13. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету Өтінішпен айқындалады.</p>	<p>1.13. Обеспечение исполнения Заемщиком обязательств по Договору определяется Заявлением.</p>
<p>1.14. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Кредитор Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта, Өтініште көзделген барлық шараларды қабылдауға құқылы, оның ішінде:  1) Қарыз алушы микрокредитті өтеу мерзімдерін күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық бұзған жағдайда берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге;  2) Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге;  3) өз қалауы бойынша Қарыз алушының келісімін алмай, құқықтарды басқаға беру шартын (цессияны) жасасу арқылы өзінің талап ету құқықтарын заңнамаға сәйкес үшінші тұлғаға беруге;  4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – дара кәсіпкерді банкрот деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгінуге;  5) Шартта/Өтініште көзделген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын есептеуге;  6) Кредитор ақпарат беруге шарт(-тар) жасасқан Кредиттік бюроға(-ларға) микрокредиттің қайтарылмағаны туралы деректерді беруге;  7) Қарыз алушы микрокредитті нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ Шарттың 2.2.5-тармақшасында көзделген міндеттерді орындамаған кезде Шарт бойынша берешек сомасын толық көлемде немесе ішінара өндіріп алуға мерзімінен бұрын ұсынуға құқылы;  8) Шарттың 2.3.5 және 2.3.8 тармақшаларында көзделген құқықтар;</p>	<p>1.14. При неисполнении либо ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по Договору Кредитор вправе принять все меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором, Заявлением, в том числе:  1) в случае нарушения Заемщиком сроков погашения микрокредита более чем на 30 (тридцать) календарных дней передать задолженность на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству;  2) обратиться в суд за защитой своих нарушенных прав и законных интересов о взыскании задолженности по Договору;  3) по своему усмотрению, уступить в соответствии с законодательством третьему лицу свои права требования путем заключения договора уступки прав (цессии), без получения согласия Заемщика;  4) обратиться с иском в суд о признании заемщика – индивидуального предпринимателя банкротом в соответствии с законодательством Республики Казахстан;  5) начислить сумму неустойки (штраф, пени), предусмотренную Договором/Заявлением;  6) передать данные о невозврате микрокредита в Кредитное (-ые) бюро, с которым(-и) у Кредитора заключен(-ы) договор(-ы) на предоставление информации;  7) досрочно предъявить к взысканию в полном объеме или частично сумму задолженности по Договору при невыполнении Заемщиком обязанностей по целевому использованию микрокредита, а также обязанностей, предусмотренных подпунктом 2.2.5 Договора;  8) предусмотренные подпунктами 2.3.5 и 2.3.8 Договора;</p>

<p>9) (Қарыз алушы – жеке кәсіпкер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған үшін) Шарттың 2.3.13-тармақшасында көзделген;</p> <p>10) (егер осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі Кредитор болған жағдайда осы тармақша күшіне енеді және қолданылады) Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен Қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алуға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алу салынуы мүмкін емес ақшаны өндіріп алуды қоспағанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының кез келген екінші деңгейдегі банктерінде Қарыз алушының кез келген банктік шоттарына төлем талабын ұсынуға; оған Қарыз алушы осы арқылы қосымша акцепт беру немесе өзге де төлем құжаттарын акцептеуден бас тарту құқығынсыз өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.</p> <p>Шарт бойынша ақша Берешек валютасынан өзге валютада өндіріліп алынған жағдайда, өндіріп алынған ақшаны берешек валютасына айырбастау Кредитор есептен шығару күніне белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады.</p> <p>11) осы «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-1-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қарыз алушыда ақшалай міндеттемені орындауды кешіктіру болған кезде тұлғаға Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) беру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жылжымайтын мүліктің ипотекасымен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша - бір жүз сексен күнтізбелік күннен астам;</li> <li>- жеке тұлғаға микрокредит беру туралы өзге де шарттар бойынша - тоқсан күнтізбелік күннен астам.</li> </ul> <p>1.14.1. (01.03.2025 ж. бастап күшіне енеді) мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) Шарт шеңберінде Кредитордың міндеттемелерімен байланысты үшінші тұлғамен өзара әрекеттестік шарттары:</p>	<p>9) (для Заемщика – индивидуального предпринимателя и/или самозанятого) предусмотренные подпунктом 2.3.13 Договора;</p> <p>10) (настоящий подпункт вступает в силу и применяется в случаях если Кредитором по настоящему Договору становится банк второго уровня Республики Казахстан) обратит взыскание в бесспорном (безакцептном) порядке на деньги, имеющиеся на банковских счетах Заемщика путем прямого дебетования банковских счетов Заемщика, предъявить в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан платежное требование к любым банковским счетам Заемщика в любых банках второго уровня Республики Казахстан, за исключением обращения взыскания на деньги, на которые не может быть наложено взыскание в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан; на что Заемщик настоящим дает свое безусловное и безотзывное согласие, без права дополнительного акцепта либо отказа от акцепта платежных и иных документов.</p> <p>В случае обращения взыскания на деньги в валюте иной, чем валюта задолженности по Договору, конвертирование денег, на которые обращено взыскание, в валюту задолженности будет производиться по курсу, установленному Кредитором на день списания;</p> <p>11) уступить с соблюдением требований, установленных в статье 9-1 настоящего Закона РК «О микрофинансовоой деятельности», права (требования) по Договору лицу при наличии у Заемщика просрочки исполнения денежного обязательства:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- по договору о предоставлении микрокредита физического лица, обеспеченного ипотекой недвижимого имущества, - свыше ста восьмидесяти последовательных календарных дней;</li> <li>- по иным договорам о предоставлении микрокредита физического лица - свыше девяноста последовательных календарных дней.</li> </ul> <p>1.14.1. (вступает в силу с 01.03.2025г.) Условия взаимодействия с Заемщиком, имеющим просроченную задолженность, и (или) его представителем, и (или) третьим лицом, связанным обязательствами с Кредитором в рамках Договора:</p>
--	--

<p>телефон арқылы, оның ішінде Кредитордың бастамасы бойынша интернет желісінде қоңырау шалу үшін қосымшаларды пайдалана отырып, жұмыс күні сағат 9.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде бір реттен артық емес өзара әрекеттесу;</p> <p>әрбір өзара әрекеттесу кезіндегі хабарлама:</p> <p>Кредитордың атаулары;</p> <p>Кредитордың орналасқан жерлері;</p> <p>өзара әрекеттестікті жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), лауазымы;</p> <p>Шартта көзделген берешектің, негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығының құрылымдары;</p> <p>Қарыз алушының Шартта, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жауапкершілігі және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Шартта көзделген міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау салдары туралы.</p> <p>Көрсетілген шаралар шеңберінде өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай шектеулер сақталады:</p> <p>осы Шарттардың абзацтарында көзделмеген тәсілдермен және кезеңде өзара іс-қимылды жүзеге асыру;</p> <p>осы Шарттардың екінші және үшінші абзацтарында көзделген тәсілдермен және кезеңде мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу үшін Қарыз алушының орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін белгілеу жағдайларын қоспағанда, сондай-ақ Кредитордың атауын, оның орналасқан жерін хабарлау кезінде Шарт шеңберінде Кредитормен міндеттемелері бойынша байланысты емес үшінші тұлғамен өзара әрекеттесу, өзара әрекеттестікті жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы;</p> <p>мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыға және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға тегі және (немесе) аты және (немесе) әкесінің аты (бар болса) анық емес, сондай-ақ Кредитордың қызметкерінің жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сәйкес келмейтін</p>	<p>взаимодействие посредством телефонных переговоров, в том числе, с использованием приложений для совершения звонков в сети интернет по инициативе Кредитора, не более одного раза в период с 9.00 до 21.00 часов в будний день;</p> <p>при каждом взаимодействии сообщение: наименования Кредитора; места нахождения Кредитора; фамилии, имени, отчестве (при его наличии), должности лица, которое осуществляет взаимодействие;</p> <p>структуры задолженности, остатка просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени), предусмотренных Договором;</p> <p>об ответственности и иных обязательствах Заемщика, предусмотренных Договором, Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности», а также последствиях неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств, предусмотренных Договором.</p> <p>При взаимодействии в рамках указанных мер соблюдаются следующие ограничения на: осуществление взаимодействия способами и в период, не предусмотренный абзацами вторым и третьим настоящего подпункта;</p> <p>взаимодействие с третьим лицом, не связанным обязательствами с Кредитором в рамках Договора, за исключением случаев установления места нахождения и (или) контактных данных Заемщика для урегулирования и (или) погашения просроченной задолженности способами и в период, предусмотренными абзацами вторым и третьим настоящего подпункта, а также при сообщении наименования Кредитора, его места нахождения, фамилии, имени, отчества (при его наличии), должности лица, которое осуществляет взаимодействие;</p> <p>сообщение Заемщику, имеющему просроченную задолженность, и (или) его представителю, и (или) третьему лицу недостоверных фамилии и (или) имени, и (или) отчества (при его наличии), а также сведений о месте работы и (или) должности работника Кредитора, не соответствующих действительности;</p>
--	---

<p>мәліметтерді хабарлау;  мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыны және (немесе) оның өкілін және (немесе) Шарт шеңберінде Кредитордың міндеттемелерімен байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыру;  өзара әрекеттестікті жүзеге асырылатын тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату немесе мәліметтерді жария ету осы тұлғаның мүдделеріне мүлтік зиян келтіруі мүмкін.</p>	<p>введение Заемщика, имеющего просроченную задолженность, и (или) его представителя, и (или) третьего лица, связанного обязательствами с Кредитором в рамках Договора, в заблуждение относительно размера, характера и оснований возникновения задолженности;  распространение сведений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию лица, с которым осуществляется взаимодействие, либо разглашение сведений, которые могут причинить имущественный вред интересам данного лица.</p>
<p>1.15. Осы Шарт Тараптар Өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы Өтініш пен Шартта көзделген Кредитор алдындағы барлық міндеттемелерді толық және тиісінше орындағаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.</p>	<p>1.15. Настоящий Договор вступает в силу с даты подписания сторонами Заявления и прекращает свое действие после полного и надлежащего исполнения Заемщиком всех обязательств перед Кредитором, предусмотренных Заявлением и Договором.</p>
<p>1.16. Қарыз алушы Шарттың 2.4-тармағының 2.4.7-тармақшасына сәйкес Кредитордан шешім алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Кредиторды бір мезгілде хабардар ете отырып, 2.4-тармақтың 2.4.7-тармақшасында көзделген мерзімде микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.</p>	<p>1.16. Заемщик вправе в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения от Кредитора решения в соответствии с подпунктом 2.4.7. пункта 2.4. Договора или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора в срок, предусмотренный подпунктом 2.4.7 пункта 2.4, обратиться к микрофинансовому омбудсману с одновременным уведомлением Кредитора.</p>
<p>1.17. Кредитордың пошталық мекенжайы: 050012, ҚР, Алматы қ., Сейфуллин даңғылы 502, «TURAR» БО, 9-қабат.  Кредитордың ресми интернет-ресурсы: <a href="https://www.solva.kz">https://www.solva.kz</a>  Кредитордың мерзімі өткен берешек мәселелері бойынша электрондық пошта мекенжайы: <a href="mailto:dolg@solva.kz">dolg@solva.kz</a>  Кредитордың басқа мәселелер бойынша электрондық пошта мекенжайы: <a href="mailto:support@solva.kz">support@solva.kz</a>  Кредитор Қарыз алушының Жеке кабинетінде орналастырған ақпарат.</p>	<p>1.17. Почтовый адрес Кредитора: 050012, РК, г. Алматы, пр. Сейфуллина 502, БЦ «TURAR», 9-й этаж.  Официальный интернет-ресурс Кредитора: <a href="https://www.solva.kz">https://www.solva.kz</a>  Адрес электронной почты Кредитора по вопросам просроченной задолженности: <a href="mailto:dolg@solva.kz">dolg@solva.kz</a>  Адрес электронной почты Кредитора по иным вопросам: <a href="mailto:support@solva.kz">support@solva.kz</a>  Информация, размещенная Кредитором в Личном кабинете Заемщика.</p>
<p>1.18. Қарыз алушының тіркелген жерінің және/немесе тұрғылықты (тұратын) жерінің мекенжайы Өтініште көрсетілген.</p>	<p>1.18. Адрес места регистрации и/или места жительства (проживания) Заемщика указан в Заявлении.</p>
<p>1.19. Кредитор Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Кредитордың Қарыз берушімен Шарт шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарына</p>	<p>1.19. При уступке Кредитором права (требования) по Договору третьему лицу, требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к</p>



Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.	взаимоотношениям Кредитора с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование).
<b>2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</b>	<b>2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</b>
<b>2.1. Қарыз алушының құқықтары:</b>	<b>2.1. Заемщик вправе:</b>
2.1.1. микрокредиттерді беру қағидаларымен, микрокредиттерді беру бойынша Кредитордың тарифтерімен, микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратпен танысу;	2.1.1. ознакомиться с правилами предоставления микрокредитов, тарифами Кредитора по предоставлению микрокредитов, информацией о всех платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита;
2.1.2. алынған микрокредитке Шартта және Өтініште белгіленген тәртіппен және шарттарда билік ету;	2.1.2. распоряжаться полученным микрокредитом в порядке и на условиях, установленных Договором и Заявлением;
2.1.3. егер негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және/немесе сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізу;	2.1.3. в случае, если дата погашения основного долга и/или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и/или вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени);
2.1.4. Қарыз алушы Кредиторға жіберген өтінішінің негізінде осы Шарт пен Өтініш бойынша берілген микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара Кредиторға қайтаруға құқылы. Ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайында Қарыз алушының микрокредитті өтеу кестесінде көзделген кемінде 3 (үш) ай сайынғы төлем енгізуіне (егер микрокредит 3 (үш) айдан артық мерзімге берілсе) жол беріледі. Қарыз алушы микрокредит сомасын ішінара мерзімінен бұрын өтеген жағдайда Кредитордың қарап шешуі бойынша төменде көрсетілген тәсілдердің бірі қолданылады: 1) берілген микрокредиттің мерзімі өзгеріссіз қалатын жоспарлы өтеудің ай сайынғы сомасын азайту; немесе 2) микрокредит мерзімін азайту, бұл ретте жоспарлы өтеудің ай сайынғы сомасының мөлшері бұрын белгіленген ай сайынғы төлемнің мөлшерінен аспайтын өтеу сомасын құрайды. Қарыз алушы Шартқа/Өтінішке қол қоя отырып, микрокредиттің бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, болашақта Кредитор беретін микрокредитті өтеу кестесіне өзінің сөзсіз келісімін білдіреді.	2.1.4. досрочно полностью или частично возратить Кредитору сумму микрокредита, предоставленную по настоящему Договору и Заявлению, на основании заявления, направленного Заемщиком Кредитору. В случае частичного досрочного погашения допускается внесение Заемщиком не менее 3 (трех) ежемесячных платежей, предусмотренных графиком погашения микрокредита (если микрокредит предоставлен на срок более 3 (трех) месяцев). В случае частичного досрочного погашения Заемщиком суммы микрокредита, по усмотрению Кредитора, применяется один из нижеуказанных способов: 1) уменьшение ежемесячной суммы планового погашения, при котором срок представленного микрокредита остается неизменным; либо 2) уменьшение срока микрокредита, при котором размер ежемесячной суммы планового погашения составит сумму погашения, не превышающую ранее установленного размера ежемесячного платежа. Заемщик подписанием Договора/Заявления выражает свое безусловное согласие с

<p>Тараптар микрокредит бойынша берешекті ішінара мерзімінен бұрын өтеген, сондай-ақ қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген жағдайда Шартқа және/немесе өтінішке қосымша келісім жасасу талап етілмейтініне келіседі, бұл жағдайда Жеке кабинетте микрокредитті өтеудің жаңа кестесі қалыптастырылады.</p> <p>Егер Қарыз алушы Жеке кабинетте қалыптастырылған микрокредитті өтеудің жаңа кестесімен келіспеген жағдайда, онда Қарыз алушы микрокредитті өтеу кестесін қайта қарау және Шартқа және/немесе Өтінішке қосымша келісімді ресімдеу үшін Кредиторға жүгінуге міндеттенеді;</p>	<p>графиком погашения микрокредита, который будет предоставлен Кредитором в будущем, в случае досрочного погашения части микрокредита.</p> <p>Стороны соглашаются, что в случае частичного досрочного погашения задолженности по микрокредиту, а также изменения условий микрокредита, влекущих изменение суммы (размера) денежных обязательств заемщика и (или) срока их уплаты, заключение дополнительного соглашения к Договору и/или Заявлению не требуется, в этом случае в Личном кабинете формируется новый график погашения микрокредита. В случае, если Заемщик не согласен с новым графиком погашения микрокредита, сформированным в Личном кабинете, то Заемщик обязуется обратиться к Кредитору для пересмотра графика погашения микрокредита и оформления дополнительного соглашения к Договору и/или Заявлению;</p>
<p>2.1.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Кредиторға бару және/немесе микроқаржы ұйымына «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) қолдану арқылы Қарыз алушыны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, Кредитордың <a href="mailto:dolg@solva.kz">dolg@solva.kz</a> электрондық пошта мекенжайына, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы жазбаша нысанда Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алу себептері, кірістері және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын, оның ішінде мыналарға байланысты өтініш жіберу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгертуге;</li> <li>- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;</li> <li>- берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;</li> <li>- микрокредит мерзімін өзгертуге;</li> <li>- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе)</li> </ul>	<p>2.1.5. посетить Кредитора в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательств по Договору и/или направить заявление в письменной форме на адрес электронной почты Кредитора <a href="mailto:dolg@solva.kz">dolg@solva.kz</a>, а также через объекты информатизации, предоставляющие микрофинансовой организации возможность осуществить идентификацию заемщика посредством применения идентификационных средств, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О платежах и платежных системах» (далее – объекты информатизации), содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательств по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора, в том числе связанных с:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору;</li> <li>- отсрочкой платежа по основному долгу и/или вознаграждению;</li> <li>- изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;</li> <li>- изменением срока микрокредита;</li> </ul>

<p>сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;</p> <p>- кепілге қойылған мүлікті Кредиторға беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына кері қайтарып беруге.</p> <p>Қарыз алушының жоғарыда көрсетілген мерзімде өтініш бермеуі Қарыз алушының Шарт бойынша өзінің берешегін мойындауы және Қарыз алушының оны өтеу шарттарымен келісімін беруі болып табылады;</p>	<p>- прощением просроченного основного долга и/или вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту;</p> <p>- предоставлением отступного взамен исполнения обязательства по Договору путем передачи Кредитору заложенного имущества.</p> <p>Непредоставление Заемщиком заявления в вышеуказанный срок является признанием Заемщиком своей задолженности по Договору и предоставление согласия Заемщика с условиями ее погашения;</p>
<p>2.1.6. осы Шарттың 2.4-тармағының 2.4.7-тармақшасына сәйкес Кредитордан келісім алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Кредиторды бір мезгілде хабардар ете отырып, 2.4-тармақтың 2.4.7-тармақшасында көзделген мерзімде микроқаржы омбудсманына жүгіну;</p>	<p>2.1.6. обратиться в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения от Кредитора решения в соответствии с подпунктом 2.4.7 пункта 2.4 настоящего Договора или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора, в срок, предусмотренный подпунктом 2.4.7 пункта 2.4, к микрофинансовому омбудсману с одновременным уведомлением Кредитора;</p>
<p>2.1.7. алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Кредиторға жазбаша жүгіну;</p>	<p>2.1.7. письменно обратиться к Кредитору при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам;</p>
<p>2.1.8. микрокредит сомасының мөлшерін және аударуды жүзеге асыру қажет шоттардың/төлем карточкаларының деректемелерін көрсете отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыға микрокредит сомасын аудару туралы өтінішпен Кредиторға жүгіну (көрсетілген өтініш Кредитордың нысаны бойынша жасалады).</p> <p>Егер тауар (жұмыс, қызмет) кез келген негіздер бойынша сатып алынбаған жағдайда, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға бағытталуы тиіс микрокредит сомасының бір бөлігі сыйақының есебінсіз микрокредиттің қалған бөлігін өтеуге жіберіледі;</p>	<p>2.1.8. обратиться к Кредитору с заявлением о перечислении суммы микрокредита продавцу товаров (работ, услуг), с указанием размера суммы микрокредита и реквизитов счетов/платежных карточек, на которые необходимо осуществить перевод (указанное заявление составляется по форме Кредитора).</p> <p>В случае если товар (работа, услуга) не был (-а) приобретен (-а), по любым основаниям, часть суммы микрокредита, которая должна быть направлена на приобретение товаров (работ, услуг), направляется на погашение оставшейся части микрокредита, без начисления вознаграждения;</p>
<p>2.1.9. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау;</p>	<p>2.1.9. защищать свои права в порядке, установленном законами Республики Казахстан;</p>
<p>2.1.10. алынып тасталды;</p>	<p>2.1.10. исключен;</p>
<p>2.1.11. хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Кредиторға тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы кредитор қолданған жақсартатын шарттардан бас тарту;</p>	<p>2.1.11. в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения уведомления отказаться от примененных Кредитором улучшающих условий путем направления Кредитору соответствующего письменного уведомления;</p>

2.1.12. заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.	2.1.12. осуществлять иные права, предусмотренные законодательством и настоящим Договором.
<b>2.2. Қарыз алушының міндеттері:</b>	<b>2.2. Заемщик обязан:</b>
2.2.1. алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны осы Шартта және Өтініште белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеу;	2.2.1. вернуть полученный микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, установленные настоящим Договором и Заявлением;
2.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Шарттың талаптарына сәйкес, оның ішінде берілген микрокредитті пайдалануға, оның қамтамасыз етілуіне байланысты Кредитор сұрататын құжаттар мен мәліметтерді, Қарыз алушының қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді ұсыну және Кредитордың Қарыз алушыны тексеру жөніндегі өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасамау;	2.2.2. представить документы и сведения, запрашиваемые Кредитором, в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, а также условиями Договора, в том числе связанную с использованием предоставленного микрокредита, его обеспеченности, сведения о финансовом (имущественном) положении Заемщика и не препятствовать осуществлению Кредитором своих полномочий по проверке Заемщика;
2.2.3. егер Қарыз алушы Кредитор микрокредит сомасын аударғаннан кейін микрокредиттен бас тартса, Қарыз алушы Кредитор микрокредит берген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Кредиторға тиісті өтінішпен жүгіну жолымен Өтініште көрсетілген Кредитордың шотына бірыңғай төлеммен микрокредит сомасын қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Қарыз алушы микрокредит сомасын аудару кезінде Кредиторда туындаған шығыстарды, сондай-ақ микрокредитті пайдалану кезеңіндегі сыйақыны өтеуге міндетті;	2.2.3. если Заемщик отказывается от микрокредита после перечисления суммы микрокредита Кредитором, Заемщик обязан в течение 1 (одного) рабочего дня с момента предоставления Кредитором микрокредита осуществить возврат суммы микрокредита единым платежом на счет Кредитора, указанный в Заявлении путем обращения с соответствующим заявлением к Кредитору. При этом Заемщик обязан возместить расходы, возникшие у Кредитора при перечислении суммы микрокредита, а также вознаграждение за период пользования микрокредитом;
2.2.4. егер микрокредит мақсатты болып табылса, алынған микрокредитті тек нысаналы мақсатта пайдалану. Нысаналы микрокредитті мақсатсыз пайдаланған жағдайда Қарыз алушы Кредитордың талабы бойынша Кредиторға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға, микрокредитті қайтару күніне Шарт бойынша есептелген пайдаланылған микрокредит бөлігінде сыйақы төлеуге, сондай-ақ Өтініште белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;	2.2.4. использовать полученный микрокредит только по целевому назначению если микрокредит является целевым. При нецелевом использовании целевого микрокредита Заемщик обязан, по требованию Кредитора, досрочно вернуть Кредитору микрокредит, выплатить вознаграждение в части использованного микрокредита, начисленное по Договору на дату возврата микрокредита, а также оплатить неустойку в размере, установленном в Заявлении;
2.2.5. Кредитордың микрокредитті, Қамтамасыз етуді нысаналы пайдалануды тексеруді және тұрақты мониторингті жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге. Кредитордың талабы бойынша микрокредиттің нысаналы мақсаты, оның қамтамасыз етілуі бойынша пайдаланылғанын растайтын құжаттар мен мәліметтерді	2.2.5. обеспечить возможность осуществления Кредитором проверки и регулярного мониторинга целевого использования микрокредита, Обеспечения. По требованию Кредитора предоставлять документы и сведения, подтверждающие использование микрокредита по целевому назначению, его обеспеченности;

<p>ұсынуға;</p> <p>2.2.6. Қарыз алушының, кепіл берушінің, кепілгердің мүлкіне, оның ішінде банк шоттарындағы ақшаға үшінші тұлғалардың тыйым салуын қоса алғанда, Шарттан, Өтініштен және микрокредитті өтеу кестесінен туындайтын міндеттемелерді орындауды бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Кредиторға дереу хабарлауға; жауапкері Қарыз алушы болып табылатын, Қарыз алушыға үшінші тұлғалар жіберген шағымдар мен талап арыздар алған кезде;</p>	<p>2.2.6. незамедлительно извещать Кредитора обо всех обстоятельствах, которые могут повлечь нарушение исполнения обязательств, вытекающих из Договора, Заявления и графика погашения микрокредита, включая наложение третьими лицами арестов на имущество Заемщика, залогодателя, гаранта, поручителя в том числе деньги, находящиеся на банковских счетах; при получении претензий и исковых заявлений, направленных Заемщику третьими лицами, по которым ответчиком выступает Заемщик;</p>
<p>2.2.7. Кредиторға тұрғылықты жерінің немесе тіркеу мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің (нөмірлерінің), жеке басын куәландыратын құжаттардың, жұмыс немесе бизнес жүргізу орнының кез келген өзгерістері, банк деректемелерінің және Кредиторға берілген басқа да деректердің өзгергені туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, осындай өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету. Қарыз алушы осы міндетті орындамаған жағдайда Кредитор Кредитордың Шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға, сондай-ақ берешекті соттан тыс және/немесе сот тәртібімен өндіріп алуға қажетті немесе байланысты хабарламалар/хабарландырулар бойынша барлық міндеттемелерін қоса алғанда, Өтініште көрсетілген немесе Қарыз алушы бұрын ұсынған деректерді түпнұсқа және өзекті деп санауға құқылы;</p>	<p>2.2.7. письменно уведомить Кредитора о любых изменениях места жительства или адреса регистрации, номера (-ов) мобильного телефона, документов, удостоверяющих личность, места работы или ведения бизнеса, изменении банковских реквизитов и других данных, предоставленных Кредитору, течение 3 (трех) рабочих дней с даты такого изменения, с предоставлением подтверждающих документов. В случае неисполнения данной обязанности Заемщиком Кредитор вправе считать подлинными и актуальными те данные, которые были указаны в Заявлении или предоставлены Заемщиком ранее, включая все обязательства Кредитора по уведомлениям/извещениям, необходимым или связанным с исполнением, изменением или прекращением Договора, а также с взысканием задолженности во внесудебном и/или судебном порядке;</p>
<p>2.2.8. микрокредитті банк аударымымен не төлем терминалы арқылы мерзімінен бұрын өтеген жағдайда Қарыз алушы Кредиторға жеке өзі не Шартта көрсетілген электрондық пошта арқылы осы Шарттың 2.1.4-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, мерзімінен бұрын өтеу сомасын қабылдау туралы өтінішпен жүгінуге міндетті;</p>	<p>2.2.8. в случае досрочного погашения микрокредита банковским переводом либо через платежный терминал, Заемщик обязан обратиться к Кредитору с заявлением лично либо по электронной почте, указанной в Договоре, о приеме суммы досрочного погашения с учетом требований, предусмотренных в пункте 2.1.4 настоящего Договора;</p>
<p>2.2.9. төлем карточкасын пайдалана отырып, микрокредитті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Қарыз алушы өзінің Жеке кабинетінде осы Шарттың 2.1.4-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, "ішінара мерзімінен бұрын өтеу" немесе "толық мерзімінен бұрын өтеу" опциясын таңдауға міндетті. Егер төлем карточкасынан</p>	<p>2.2.9. в случае досрочного погашения микрокредита с использованием платежной карточки, Заемщик обязан в своем Личном кабинете выбрать опцию "частичное досрочное погашение" или "полное досрочное погашение" с учетом требований, предусмотренных в пункте 2.1.4 настоящего Договора. Если суммы, поступившей с</p>

<p>түскен сома өтеу үшін жеткілікті болса, микрокредит тандалған опцияға сәйкес толық немесе ішінара автоматты түрде өтеледі, Қарыз алушыдан қандай да бір қосымша өтініштер талап етілмейді;</p>	<p>платежной карточки, достаточно для погашения, микрокредит погашается полностью или частично автоматически согласно выбранной опции, каких-либо дополнительных заявлений от Заемщика не требуется;</p>
<p>2.2.10. растайтын құжаттарды қоса бере отырып, дербес деректер субъектісінің дербес деректерінің кез келген өзгерістері немесе толықтырулары туралы, Кредиторға кепілге берілген мүлікке құқық белгілейтін және/немесе құқық куәландыратын құжаттарға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Кредиторға жазбаша түрде дереу хабарлауға;</p>	<p>2.2.10. незамедлительно извещать Кредитора в письменном виде о любых изменениях или дополнениях персональных данных субъекта персональных данных с приложением подтверждающих документов; о внесении изменений и/или дополнений в правоустанавливающие и/или правоудостоверяющие документы на имущество, предоставленное в залог Кредитору;</p>
<p>2.2.11. Кредитор осы Шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау туралы талап қойған жағдайда, Кредитор осындай талапты жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындай талапты қанағаттандыру;</p>	<p>2.2.11. в случае предъявления Кредитором требования о досрочном исполнении обязательств по настоящему Договору удовлетворить такое требование в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты направления Кредитором такого требования;</p>
<p>2.2.12. Кредиторға: өзінің қаржылық жағдайы туралы (оның ішінде Кредиторға Қарыз алушының кез келген өз қызметінен алатын кірістерін көрсететін және растайтын құжаттарды ұсыну), Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауына теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы; Қарыз алушының болжамды банкроттығы, оналуы, төлем қабілеттілігінің қалпына келуі туралы; кез келген банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге де кредиттік ұйымдарда) және/немесе Қамтамасыз етуге үшінші тұлғалардың шектеулері мен талаптары, мүлікке және/немесе оның банктік шоттарына тыйым салу туралы; Қарыз алушының қатысуымен мемлекеттік, төрелік, аралық соттарда талқылаулар туралы; біреудің Шарттың және/немесе кепіл туралы шарттың жарамдылығына дау айтуы туралы; денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзу туралы дереу жазбаша түрде хабарлауға;</p>	<p>2.2.12. незамедлительно извещать Кредитора в письменном виде: о своем финансовом положении (в том числе предоставлять Кредитору документы, отражающие и подтверждающие доходы Заемщика, получаемые последним от любой своей деятельности), об обстоятельствах, способных негативным образом повлиять на надлежащее исполнение Заемщиком обязательств по Договору; о предполагаемом банкротстве, реабилитации, восстановлении платежеспособности Заемщика; о наложении арестов и/или ограничений и притязаний третьих лиц на Обеспечение, на имущество и/или его банковские счета в любых банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях); о разбирательствах в государственных, арбитражных, третейских судах с участием Заемщика; об оспаривании кем-либо действительности Договора и/или договора о залоге; о нарушении обязательств по соблюдению законодательства о здравоохранении, безопасности и охране труда, а также об охране окружающей среды;</p>
<p>2.2.13. (Қарыз алушы – жеке кәсіпкер үшін) Кредитордың жазбаша келісімін алғаннан</p>	<p>2.2.13. (для Заемщика – индивидуального предпринимателя) производить только после</p>

<p>кейін ғана Қарыз алушының банкроттық рәсімін жүргізу. Мәжбүрлеп банкроттық туралы шешімдер қабылданған не Қарыз алушының қызметі өзге де тоқтатылған жағдайда бұл туралы Кредиторды дереу жазбаша хабардар ету, банкроттық процесінде Кредитордың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, Кредиторға қажетті құжаттар мен мәліметтерді беру;</p>	<p>получения письменного согласия Кредитора процедуру банкротства Заемщика. В случае принятия решений о принудительном банкротстве либо иного прекращения деятельности Заемщика немедленно письменно уведомить об этом Кредитора, обеспечить защиту интересов Кредитора в процессе банкротства, предоставить Кредитору необходимые документы и сведения;</p>
<p>2.2.14. <i>(Қарыз алушы – жеке кәсіпкер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам үшін)</i> Кредиторды жазбаша түрде: Қарыз алушының Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге де кредиттік ұйымдарда) банктік шоттар (осындай шоттың нөмірі мен банктің атауы хабарлана отырып) ашқаны туралы (соның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғалардың атынан) ; банктік деректемелердің, пошта деректемелерінің, заңды мекенжайының, орналасқан жерінің, тұрғылықты жерінің, Шартта көрсетілген байланыс деректерінің өзгеруі туралы (Кредитор хабарламалар жіберу үшін), сондай-ақ Қарыз алушының кәсіпкерлік түрінің өзгеруі, Қарыз алушының органдарының (атқарушы, басқару және т.б.) өзгеруі туралы; қызмет көрсетуші банкті және банк шоттарының нөмірлерін міндетті түрде көрсете отырып, Қарыз алушының өндірістік қызметі процесіне қатысатын немесе оған микрокредит алынған Қарыз алушының қызметіне тартылуы болжанатын жаңа еншілес, үлестес ұйымдар мен компанияларды құру және/немесе сатып алу туралы дереу (бірақ осы тармақшада көрсетілген өзгерістер күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей) хабардар ету;</p>	<p>2.2.14. <i>(для Заемщика – индивидуального предпринимателя и/или самозанятого)</i> незамедлительно (но не позднее 3 (трех) рабочих дней с даты изменений, указанных в настоящем подпункте) извещать Кредитора в письменном виде: об открытии Заемщиком банковских счетов (в т.ч. от имени физических лиц, не связанных с осуществлением предпринимательской деятельности) в банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях) на территории Республики Казахстан и за ее пределами (с сообщением номера такого счета и наименования банка); об изменении банковских реквизитов, почтовых реквизитов, юридического адреса, местонахождения, места жительства, контактных данных, указанных в Договоре (для направления Кредитором сообщений), а также об изменении вида предпринимательства Заемщика, изменении органов Заемщика (исполнительного, управления и др.); о создании и/или приобретении Заемщиком новых дочерних, аффилированных организаций и компаний, участвующих в процессе производственной деятельности Заемщика или которые предполагается задействовать в деятельности Заемщика на которую получен микрокредит, с обязательным указанием обслуживающего банка и номеров банковских счетов;</p>
<p>2.2.15. Кредитордың талабы бойынша басқа екінші деңгейдегі банктерде ашылған Қарыз алушының банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы анықтаманы және/немесе осындай шоттарды жабу туралы анықтаманы ұсыну;</p>	<p>2.2.15. предоставлять по требованию Кредитора справки о движении денег по банковским счетам Заемщика, открытым в других банках второго уровня и/или справки о закрытии таких счетов;</p>

<p>2.2.16. (егер микрокредит кәсіпкерлік қызметпен байланысты болса) Кредитордың алдын ала жазбаша келісімінсіз: үшінші тұлғалармен кепіл шартын; кепілдік шартын; кредитор ретінде де, борышкер ретінде де әрекет ететін қарыз шартын жасасуды; Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіруі мүмкін өзге де ақшалай міндеттемелерге қатысуды жүргізбеу; үшінші тұлғаның пайдасына кепілдік, кепілгерлік беру; мүлікке, табыстарға ауыртпалық салу және/немесе иеліктен шығару; құны Қарыз алушының ай сайынғы табыстарының сомасынан асатын заңды тұлғаның ай сайынғы табыстарының, акцияларының немесе жарғылық капиталындағы үлесінің сомасынан асатын сомаға мүлікті сатып алу;</p>	<p>2.2.16. (в случае если микрокредит связан с предпринимательской деятельностью) не производить без предварительного письменного согласия Кредитора: заключение с третьими лицами договора залога; договора гарантии; договора займа, в котором выступать как в качестве кредитора, так и в качестве должника; участие в иных денежных обязательствах, которые могут воспрепятствовать исполнению Заемщиком обязательств по Договору; предоставление в пользу третьего лица гарантии, поручительства; обременение и/или отчуждение имущества, доходов; приобретение имущества на сумму, превышающую сумму ежемесячных доходов, акций или доли в уставном капитале юридического лица, стоимость которых превышает сумму ежемесячных доходов Заемщика;</p>
<p>2.2.17. (Қарыз алушы – жеке кәсіпкер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға үшін) тұрақты түрде, 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, Шарт жасалған күннен бастап әрбір үш ай өткен соң, анықтама (үзінді-көшірмелер) берілген күнге дейінгі соңғы 3 (ай) кезең ішінде Қарыз алушының жалпы айналымы көлемінің кемінде 50% (елу пайызы) өтетін Қарыз алушының екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоты (-тары) бойынша ақша қозғалысы туралы анықтамаларды (үзінді-көшірмелерді) беру;</p>	<p>2.2.17. (для Заемщика – индивидуального предпринимателя и/или самозанятого) регулярно, в течение 15 (пятнадцати) календарных дней, по истечении каждых трех месяцев с даты заключения Договора, предоставлять справки (выписки) о движении денег по банковскому (-им) счету (-ам) Заемщика, открытым в банках второго уровня, по которому (-ым) проходят не менее 50 % (пятидесяти процентов) от общего объема оборотов Заемщика за период - последние 3 (месяца) до даты предоставления справки (выписки);</p>
<p>2.2.18. (Шарт жасасу кезінде кепілдік Қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда) Кредитордың бірінші талабы бойынша 1) жоғалған немесе бүлінген Қамтамасыз етуді жоғалтқан не бүлінген кезден бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде баламалы қамтамасыз етуге ауыстыруға және/немесе қажет болған жағдайда осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуді ұсынсын және Кредитормен тиісті кепіл туралы шарт және / немесе кепілдік шартын жасасуға; 2) өз есебінен тіркеуші органның тиісті белгісімен кепіл құқығын мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етуге; 3) Қарыз алушы Шарт бойынша Кредитор алдындағы өз міндеттемелерін толық тиісінше орындағаннан кейін өз есебінен кепілді өтеуді тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етуге;</p>	<p>2.2.18. (в случае предоставления залогового Обеспечения при заключении Договора) по первому требованию Кредитора 1) произвести замену утраченного или поврежденного Обеспечения на равноценное обеспечение в срок не позднее 10 (десяти) календарных дней с момента утраты либо повреждения и/или предоставить в случае необходимости дополнительное обеспечение в этот же срок и заключить с Кредитором соответствующий договор о залоге и/или договор гарантии; 2) за свой счет обеспечить государственную регистрацию права залога с соответствующей отметкой регистрирующего органа; 3) после полного надлежащего исполнения Заемщиком своих обязательств перед Кредитором по Договору, за свой счет обеспечить государственную регистрацию погашения залога в регистрирующем органе;</p>



<p>2.2.19. (Шарт жасасу кезінде үшінші тұлғаларға кепілдік берілген жағдайда) жаңа кепілгер не кепілгер қайтыс болған/таратылған жағдайда немесе оның қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда өзге де қамтамасыз етуді ұсынуға;</p>	<p>2.2.19. (в случае предоставления гарантии третьих лиц при заключении Договора) предоставить нового гаранта либо иное обеспечение в случае смерти/ликвидации гаранта или в случае ухудшения его финансового положения;</p>
<p>2.2.20. (Шарт жасасу кезінде кепілдік Қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда) Кредитор (оның ішінде Кредитордың, бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке тұлғаның жұмыскерлері/уәкілетті тұлғалары Қамтамасыз ету орналасқан жерге және/немесе Қарыз алушының және/немесе Қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның келуі) жүгінген кезде дереу қайта бағалау жүргізуге және/немесе қамтамасыз етуді тексеруге, оның ішінде қамтамасыз етуге қол жеткізуді қамтамасыз ету; қайта бағалауды және/немесе қамтамасыз етуді тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттаманы, толық және дұрыс ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ қамтамасыз етуді қайта бағалауды және/немесе тексеруді уактылы, кедергісіз және сапалы жүргізу үшін өзге де жағдайлар жасауға. Бұл ретте Кредитор көрсетілген құқықтарды іске асырған кезде Қарыз алушының және/немесе Қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның атына қандай да бір жазбаша талаптарды, хабарламаларды және өзге де құжаттарды жіберу талап етілмейді;</p>	<p>2.2.20. (в случае предоставления залогового Обеспечения при заключении Договора) при обращении Кредитора (в т.ч. прибытии работников/уполномоченных лиц Кредитора, физического лица, имеющего лицензию на осуществление оценочной деятельности, к месту нахождения Обеспечения и/или Заемщика и/или третьего лица, предоставившего Обеспечение) немедленно оказывать содействие в проведении переоценки и/или проверки Обеспечения, в т.ч. обеспечить доступ к Обеспечению; предоставлять необходимую для проведения переоценки и/или проверки Обеспечения документацию, полную и достоверную информацию, а также создавать иные условия для своевременного, беспрепятственного и качественного проведения переоценки и/или проверки Обеспечения. При этом направления каких-либо письменных требований, уведомлений и иных документов в адрес Заемщика и/или третьего лица, предоставившего Обеспечение, при реализации Кредитором указанных прав не требуется;</p>
<p>2.2.21. (Шарт жасасу кезінде кепілдік Қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда) Кредиторға Кредитордың талабын алған сәттен бастап жеті күн мерзімде (растайтын құжаттардың қоса берілген көшірмелерімен) Қамтамасыз ету ретінде берілетін мүлікті қарап-тексеруге (тексеруге) және/немесе бағалауға (қайта бағалауға) байланысты Кредитордың және/немесе бағалаушының уәкілетті адамдарының Қамтамасыз ету ретінде берілетін мүліктің және/немесе Қарыз алушының орналасқан жеріне шығуына; кепіл туралы шарттарды және/немесе оларға қосымша келісімдерді жасасуға және/немесе тіркеуге; қамтамасыз етуге және оны ұстауға өндіріп алуды қолдануға; Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің мониторингіне, Қамтамасыз ету мониторингіне; Шарт және/немесе кепіл туралы шарттардың кез келгені бойынша міндеттемелерді бұзу қаупінің туындауына байланысты шығын</p>	<p>2.2.21. (в случае предоставления залогового Обеспечения при заключении Договора) возмещать Кредитору в семидневный срок с момента получения требования Кредитора (с приложенными копиями подтверждающих документов) суммы расходов, включая, но не ограничиваясь, связанные с выездом уполномоченным лиц Кредитора и/или оценщика к месту нахождения имущества, предоставляемого в качестве Обеспечения, и/или заемщика, в связи с осмотром (проверкой) и/или оценкой (переоценкой) имущества, предоставляемого в качестве Обеспечения; заключением и/или регистрацией договоров о залоге и/или дополнительных соглашений к ним; обращением взыскания на Обеспечение и его содержанием; мониторингом финансового состояния Заемщика, мониторингом Обеспечения; возникновением угрозы нарушения обязательств по Договору и/или любому из</p>

сомаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, сондай ақ сот шығындарын өтеуге;	договоров о залоге, а также судебные издержки;
2.2.22. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта, Өтініште және Кредитормен жасалған өзге де шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындау.	2.2.22. выполнять иные требования, установленные законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором, Заявлением и иными договорам, заключенными с Кредитором.
<b>2.3. Кредитордың құқықтары:</b>	<b>2.3. Кредитор в праве:</b>
2.3.1. Қарыз алушыдан Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату, бұл ретте Қарыз алушы осындай ақпарат пен құжаттардың мерзіміне, толықтығына және дұрыстығына жауапты болады;	2.3.1. запрашивать у Заемщика документы и сведения, необходимые для заключения Договора и исполнения обязательств по нему, при этом Заемщик несет ответственность за срок, полноту и достоверность такой информации и документов;
2.3.2. алынып тасталды;	2.3.2. исключен;
2.3.3. Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, мемлекеттік бажды, сот және өзге де шығыстарды Қарыз алушының шотына жатқыза отырып, Шарт бойынша Қарыз алушыдан берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу, Шартты бұзу туралы өтініспен, оның ішінде қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен Қарыз алушының кез келген мүлкінен өндіріп алу жолымен сот органдарына жүгіну, сондай-ақ Шарт бойынша Қарыз алушының берешек сомаларын өндіріп алу бойынша Кредитордың шеккен шығыстарын төлеуді талап ету;	2.3.3. в случае невыполнения и/или ненадлежащего исполнения Заемщиком своих обязательств по Договору обратиться в судебные органы с заявлением о принудительном взыскании с Заемщика задолженности по Договору, расторжении Договора, с отнесением государственной пошлины, судебных и иных расходов на счет Заемщика, в том числе путем обращения взыскания на любое имущество Заемщика в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан, а также требовать оплаты расходов, понесенных Кредитором по взысканию сумм задолженностей Заемщика по Договору;
2.3.4. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту және осындай өзгерістер туралы Қарыз алушыға хабарлау. Осы тармақшаның мақсаттары үшін Шарт талаптарын жақсарту деп: 1) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою; 2) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту; 3) мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күн мерзімді қамтитын кезеңге Шарт бойынша негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша төлемдерді микрокредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыру;	2.3.4. изменять условия Договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика и уведомлять Заемщика о таких изменениях. Под улучшением условий Договора для целей настоящего подпункта понимаются: 1) изменение в сторону уменьшения или полная отмена неустойки (штрафа, пени); 2) изменение в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору; 3) отсрочка платежей по основному долгу и начисленному вознаграждению по Договору на период, включающий срок прохождения срочной воинской службы и 60 (шестьдесят) дней после его окончания, без начисления вознаграждения по микрокредиту;
2.3.5. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және/немесе сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық)	2.3.5. требовать досрочного возврата суммы микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного

<p>күнтізбелік күннен артық бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қамтамасыз етуді жоғалтқан немесе Кредитор жауап бермейтін мән-жайлар бойынша оның шарттары нашарлаған кезде;</li> <li>- егер Қамтамасыз ету мөлшері Шарт бойынша берешек мөлшерінен аз болса;</li> <li>- егер Қарыз алушы кепіл туралы шарт пен Шарттың талаптарына сәйкес микрокредит бойынша қамтамасыз етуді беруден қандай да бір түрде жалтарса;</li> <li>- Қарыз алушы және/немесе кепіл туралы шарттар, кепілдік шарттары бойынша Қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлға Шартта көзделген міндеттемелердің кез келгенін бұзған кезде;</li> <li>- Қамтамасыз ету туралы дұрыс емес мәліметтер ұсынылған кезде;</li> </ul>	<p>для возврата очередной части микрокредита и/или выплаты вознаграждения, более чем на 40 (сорок) календарных дней;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- при утрате Обеспечения или ухудшении его условий по обстоятельствам, за которые Кредитор не отвечает;</li> <li>- если размер Обеспечения становится меньше размера задолженности по Договору;</li> <li>- если Заемщик каким-либо образом уклоняется от предоставления Обеспечения по микрокредиту в соответствии с условиями Договора и договора о залоге;</li> <li>- при нарушении Заемщиком любого из обязательств, предусмотренных Договором, и/или третьим лицом, предоставившим Обеспечение, по договорам о залоге, договорам гарантии;</li> <li>- при предоставлении недостоверных сведений об Обеспечении;</li> </ul>
<p>2.3.6. Қарыз алушының келісімін алмай, Қарыз алушы және оның байланыс тұлғалары туралы кез келген ақпаратты (бар болса) бере отырып, осы Шарт бойынша өз талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға кепілге беру;</p>	<p>2.3.6. передавать в залог свои права требования по настоящему Договору третьим лицам с передачей любой информации о Заемщике и его контактных лицах (при наличии), без получения согласия Заемщика;</p>
<p>2.3.7. Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауының бұзылуының болуына қарамастан, Қарыз алушы және оның байланыс тұлғалары туралы кез келген ақпаратты (бар болса) бере отырып, Қарыз алушының келісімін алмай, үшінші тұлғаларға заңнамаға сәйкес беру (қайта беру);</p>	<p>2.3.7. передавать (уступить) в соответствии с законодательством свои права и обязанности по Договору третьим лицам вне зависимости от наличия у Заемщика нарушения исполнения своих обязательств по настоящему Договору, с передачей любой информации о Заемщике и его контактных лицах (при наличии), без получения согласия Заемщика;</p>
<p>2.3.8. атқарушы жазбасы негізінде берешекті өндіріп алу;</p>	<p>2.3.8. взыскать задолженность на основании исполнительной надписи;</p>
<p>2.3.9. нысаналы микрокредит берілген жағдайда Қарыз алушының қаржы-шаруашылық жағдайын тексеру және микрокредиттің нысаналы пайдаланылуын бақылауды тексеру, тұрғылықты жеріне бару және/немесе Қарыз алушының кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ Қарыз алушының микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланғанын растайтын кез келген құжаттық мәліметтерді тексеру арқылы жүзеге асыру;</p>	<p>2.3.9. в случае выдачи целевого микрокредита проверять финансово-хозяйственное положение Заемщика и осуществлять контроль за целевым использованием микрокредита путем ревизий, посещений места жительства и/или осуществления предпринимательской деятельности Заемщика, а также проверок любых документальных сведений, подтверждающих использование Заемщиком микрокредита по целевому назначению;</p>
<p>2.3.10. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берген кезде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беру үшін коллекторлық</p>	<p>2.3.10. привлечь коллекторское агентство для передачи задолженности на досудебное взыскание и урегулирование при допущении Заемщиком просрочки исполнения</p>

<p>агенттікті тарту. Кредитор берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыға Шарттың 2.4.5-тармағында көзделген тәсілмен, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің атауын, коллекторлық агенттіктің орналасқан жерін, борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, ақпараттандыру объектілері арқылы хабарлайды;</p>	<p>обязательств по Договору. Кредитор в день передачи задолженности на досудебные взыскание и урегулирование задолженности уведомляет об этом Заемщика способом, предусмотренным п.2.4.5 Договора, а также через объекты информатизации с указанием наименования, места нахождения коллекторского агентства, телефонных номеров коллекторского агентства для контактов с должниками;</p>
<p>2.3.11. Қарыз алушының өтініші бойынша екінші деңгейдегі банктер арқылы тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мақсатында микрокредитті немесе микрокредиттің бір бөлігін үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыру;</p>	<p>2.3.11. по заявлению Заемщика осуществлять через банки второго уровня перевод микрокредита или части микрокредита третьему лицу в целях оплаты за товары, работы или услуги;</p>
<p>2.3.12. Қарыз алушыдан Шартта белгіленген міндеттемелердің орындалуын талап ету;</p>	<p>2.3.12. требовать от Заемщика исполнения обязательств, установленных Договором;</p>
<p>2.3.13. <i>(Қарыз алушы – жеке кәсіпкер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам үшін)</i> Қарыз алушының ескертуінсіз Шартты орындаудан бас тартуға және Қарыз алушыдан Кредитордың талабын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде — Кредитор мен Қарыз алушы арасында жасалған Шарт бойынша және өзге де мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындауды талап ету, мынадай жағдайларда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарыз алушының міндеттемелердің кез келгенін, Шарт талаптарын бұзуы;</li> <li>- Кредитордың пікірінше, Қарыз алушының төлем қабілеттілігі мен қаржылық жағдайда және оның өз қызметін тиісінше орындау мүмкіндігіне теріс әсер етуі мүмкін өзге жағдайларда;</li> <li>- Қарыз алушы Кредиторға берген құжаттар және/немесе ақпарат анық және/немесе толық болып табылмаған жағдайда; Қарыз алушы-дара кәсіпкер қатысушыларының немесе Қарыз алушы-жеке кәсіпкердің жеке-дара атқарушы органының мүшесі қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз жоғалған; Қарыз алушының Кредитордың пікірі бойынша елеулі сомаға үшінші тұлға алдындағы міндеттемелері болған жағдайда;</li> <li>- Қарыз алушы өз куәліктері мен кепілдіктерін бұзған; қаржылық және өзге де ковенанттарды бұзған; Қарыз алушының Кредитор алдындағы міндеттемелерін бұзуына әкеп соғуы мүмкін заңнаманы бұзған; Қарыз</li> </ul>	<p>2.3.13. <i>(для Заемщика – индивидуального предпринимателя и/или самозанятого)</i> отказать от исполнения Договора без предупреждения Заемщика и потребовать от Заемщика досрочно в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента получения требования Кредитора — исполнить все обязательства по Договору и по иным сделкам, заключенным между Кредитором и Заемщиком, в случае:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- нарушения Заемщиком любого из обязательств, условий Договора;</li> <li>- в иных случаях, которые, по мнению Кредитора, могут негативно отразиться на платежеспособности и финансовом положении Заемщика и возможности надлежащего исполнения им своих обязательств по настоящему Договору;</li> <li>- предоставленные Заемщиком Кредитору документы и/или информация не являются достоверными и/или полными; наступление смерти или пропажа без вести участников Заемщика-индивидуального предпринимателя или члена единоличного исполнительного органа Заемщика-индивидуального предпринимателя; наличие у Заемщика обязательств перед третьим лицом на значительную, по мнению Кредитора, сумму;</li> <li>- нарушение Заемщиком своих заверений и гарантий; нарушение финансовых и иных ковенант; нарушение законодательства, которое может повлечь нарушение Заемщиком обязательств перед Кредитором; смена</li> </ul>

<p>алушыға жасалатын бақылау өзгертілген жағдайда; Қарыз алушының әрекетке қабілетсіздігі (лицензияны, Қарыз алушының өзге де осындай рұқсат беру құжаттарын тоқтата тұру немесе кері қайтарып алу); микрокредитті мақсатсыз пайдаланған жағдайда;</p> <p>- оңалту рәсімдерін және т. б. немесе осындай «қызметті тоқтату», банкроттық және т. б. ықтималдығын қоса алғанда, Қарыз алушының банкроттығы салдарынан Қарыз алушының қызметін тоқтату;</p> <p>- Қарыз алушы активтердің жоғалуына, төлем қабілеттілігінің төмендеуіне немесе Қарыз алушының Кредитор алдындағы міндеттемелерінің орындалуына өзге де теріс әсер етуі мүмкін сот талқылауларына, атқарушылық іс жүргізуге тартылған жағдайда;</p> <p>- Қарыз алушыны төлем қабілетсіз деп тану қаупі;</p> <p>- Қарыз алушы Кредитордың ішкі бақылау қағидаларының және Кредитордың ішкі нормативтік құжаттарының, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында қажетті ақпаратты немесе құжаттарды ұсынбаған жағдайда және/немесе Кредитордың Қарыз алушының заңдастыруға (жылыстатуға) қатысы бар екендігі туралы негіздемесі болса) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылатын терроризмді қаржыландыруға және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңдарға сәйкес танылады;</p>	<p>контроля над Заемщиком; недееспособность Заемщика (приостановление или отзыв лицензии, иных подобных разрешительных документов Заемщика); нецелевое использование микрокредита;</p> <p>- прекращения деятельности Заемщика вследствие банкротства Заемщика, включая реабилитационные процедуры и т.д. либо вероятности такого «прекращения деятельности», банкротства и т.д.;</p> <p>- в случае вовлечения Заёмщика в судебные разбирательства, исполнительные производства, которые могут привести к потере активов, снижению платежеспособности или иным негативным образом отразиться на исполнении обязательств Заёмщика перед Кредитором;</p> <p>- угрозы признания Заёмщика неплатежеспособным;</p> <p>- в случае не предоставления Заемщиком информации или документов, необходимых в целях исполнения Кредитором требований правил внутреннего контроля и внутренних нормативных документов Кредитора, законодательства Республики Казахстан о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, и/или если у Кредитора будут основания полагать о причастности Заемщика к легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем и/или финансированию терроризма, признаваемыми в соответствии с законодательством Республики Казахстан о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма;</p>
<p>2.3.14. бұл туралы Қарыз алушыға SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе Қарыз алушы Өтініште көрсеткен мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне пошта жөнелтімдері түрінде Шартты бұзу күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей хабарлай отырып,</p>	<p>2.3.14. в одностороннем порядке расторгнуть Договор до выдачи микрокредита, уведомив об этом Заемщика не позднее чем за 5 (пять) календарных дней до даты расторжения Договора посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых</p>

<p>микрокредит берілгенге дейін шартты біржақты тәртіппен бұзу;</p>	<p>отправлений по адресам или на номер телефона, указанные Заемщиком в Заявлении;</p>
<p>2.3.15. микрокредитті ресімдеудің және берудің кез келген сатысында Кредитор тартатын ақша ресурстарын қалыптастыру шарттары өзгерген жағдайда, Қарыз алушыға ақша беруден (аударудан) біржақты тәртіппен бас тарту немесе Қарыз алушыны қосымша хабардар етпей, микрокредитті беруді белгісіз уақытқа тоқтата тұру;</p>	<p>2.3.15. на любой стадии оформления и предоставления микрокредита в одностороннем порядке отказать в выдаче (перечислении) денег Заемщику или приостановить на неопределенное время выдачу микрокредита без дополнительного уведомления Заемщика в случае изменения условий формирования денежных ресурсов, привлекаемых Кредитором;</p>
<p>2.3.16. (егер осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі Кредитор болған жағдайда осы тармақша күшіне енеді және қолданылады) Қарыз алушының қосымша келісімінсіз, Қарыз алушының Шартты орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы нәтижесінде пайда болған Шарт бойынша Берешек сомасын Қарыз алушының Кредитордан ашқан кез келген банктік шоттарынан даусыз (акцептсіз) тәртіппен, Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа банктер мен ұйымдарда банк шотын тікелей дебеттеу, төлем талабын қою арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де тәсілдермен алып қоюға. Осымен Қарыз алушы Кредитордың Қарыз алушының кез келген банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен Кредитор алдындағы Шарт бойынша Берешек сомасын, соның ішінде негізгі қарыздың, есептелген сыйақының, шығыстардың және шығындардың, сондай-ақ тұрақсыздық айыбының (егер олар есептелетін болса) сомасын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, даусыз (акцептсіз) алып қоюына өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді. Бұл ретте Кредитордың кез келген төлем талабы немесе даусыз (акцептсіз) алып қою туралы өзге нұсқауы көрсетілген шоттағы нақты сомаға орындалуы тиіс, ал ақша жеткіліксіз болған жағдайда - егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қарыз алушының банктік шотына ақша сомасы түскенге дейін картотекада сақталуы тиіс;</p>	<p>2.3.16. (настоящий подпункт вступает в силу и применяется в случае если Кредитором по настоящему Договору становится банк второго уровня Республики Казахстан) изъять в беспорном (безакцептном) порядке, без дополнительного согласия Заемщика, сумму Задолженности по Договору, образовавшейся в результате неисполнения и/или ненадлежащего исполнения Заемщиком Договора, с любых банковских счетов Заемщика, открытых у Кредитора, в других банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами путем прямого дебетования банковского счета, предъявления платежного требования или иными способами установленными законодательством Республики Казахстан. Настоящим Заемщик дает свое безусловное и безвозвратное согласие на беспорное (безакцептное) изъятие Кредитором путем прямого дебетования любых банковских счетов Заемщика суммы Задолженности по Договору перед Кредитором в т.ч. включая, но не ограничиваясь, суммы основного долга, начисленного вознаграждения, расходов и убытков, а также сумм неустойки (если таковые будут начислены). При этом любое платежное требование Кредитора или иное указание о беспорном (безакцептном) изъятии должно быть исполнено на сумму, фактически находящуюся на указанном счете, а в случае недостаточности денег - храниться в картотеке до поступления суммы денег на банковский счет Заемщика, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан;</p>
<p>2.3.17. (егер осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі</p>	<p>2.3.17. (настоящий подпункт вступает в силу и применяется в случае если Кредитором по</p>

<p>Кредитор болған жағдайда осы тармақша күшіне енеді және қолданылады) егер Кредитор Қарыз алушының банктік шоттарының даусыз (акцептісіз) тәртібімен Шарт бойынша берешегін өтеуге, Шарт бойынша берешек валютасынан өзгеше валютада ақшаны алып қоюды жүргізсе, ақшаны айырбастауға. Қарыз алушы осымен осындай сомаларды айырбастау жүргізілген күнге Кредитор белгілеген Шарт бойынша берешек валютасын сатып алу бағамы бойынша айырбастауға Қарыз алушының қосымша келісімінсіз тікелей дебеттеу жолымен, Кредиторда, басқа банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан, айырбастау үшін комиссия сомасын даусыз (акцептісіз) алып қоюға келісімін береді;</p>	<p>настоящему Договору становится банк второго уровня Республики Казахстан) произвести конвертацию денег в случае, если Кредитор производит изъятие денег в беспорном (безакцептном) порядке с банковских счетов Заемщика в погашение его Задолженности по Договору, в валюте, отличной от валюты Задолженности по Договору. Заемщик настоящим дает согласие на конвертацию таких сумм по курсу покупки валюты Задолженности по Договору, установленному Кредитором на день произведения конвертации и беспорное (безакцептное) изъятие путем прямого дебетования, без дополнительного согласия Заемщика, суммы комиссии за конвертацию с любых банковских счетов Заемщика, открытых у Кредитора, в других банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами;</p>
<p>2.3.18. микрокредит беру бойынша Қосылу шартына біржақты тәртіппен өзгертулер енгізуге;</p>	<p>2.3.18. в одностороннем порядке вносить изменения в Договор присоединения по предоставлению микрокредита;</p>
<p>2.3.19. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қарыз алушыдан тұрақсыздық айыбын төлеуді, қосымша Қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге, Қамтамасыз етуге сот тәртібімен де, мсондай-ақ соттан тыс тәртіппен де мәжбүрлі түрде өндіріп алуды қолдануға;</p>	<p>2.3.19. в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по Договору, требовать от Заемщика выплаты неустойки, предоставления дополнительного Обеспечения, обратиться с иском на Обеспечение, как в судебном, так и в принудительном внесудебном порядке;</p>
<p>2.3.20. Шарт бойынша берешекті өтеу үшін кепіл туралы шартқа сәйкес берілген кепіл мүлкін өткізуден Кредитор алған ақша жетіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушының өзге мүлкін өндіріп алуды қолдануға;</p>	<p>2.3.20. при недостатке денег, полученных Кредитором от реализации заложенного имущества, предоставленного согласно договору о залоге для погашения задолженности по Договору, обратиться с иском на иное имущество Заемщика в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p>
<p>2.3.21. заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.</p>	<p>2.3.21. осуществлять иные права, предусмотренные законодательством и настоящим Договором.</p>
<p><b>2.4. Кредитордың міндеттері:</b></p>	<p><b>2.4. Кредитор обязан:</b></p>
<p>2.4.1. Қарыз алушыға микрокредиттерді беру бойынша Кредитордың тарифтері, микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беру;</p>	<p>2.4.1. предоставлять Заемщику полную и достоверную информацию о тарифах Кредитора по предоставлению микрокредитов, платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита;</p>
<p>2.4.2. Қарыз алушыға оның микрокредит алуға</p>	<p>2.4.2. проинформировать Заемщика о его</p>

байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы хабарлау;	правах и обязанностях, связанных с получением микрокредита, а также о возможных последствиях в случае невыполнения обязательств по Договору;
2.4.3. микрокредит беру құпиясын сақтау;	2.4.3. соблюдать тайну предоставления микрокредита;
2.4.4. микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларын қолданбау;	2.4.4. не применять к Заемщику, являющемуся физическим лицом, досрочно полностью или частично возвратившему сумму микрокредита, штрафные санкции за досрочный возврат микрокредита;
<p>2.4.5. осы Шарт бойынша Кредитор құқығының (талабының) үшінші тұлғаға ауысу талаптарын қамтитын шарт (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- басқаға беру шарты жасалғанға дейін Қарыз алушы-жеке тұлғаны кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша, Шарт бойынша Кредитордың құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға жоспарланып отырған басқаға беру туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу (беру) туралы SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарламаны және/немесе электрондық хатты жіберу арқылы және/немесе пошта жөнелтілімдері түрінде, ол Өтініште көрсетілген мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар ету;</li> <li>- Өтініште көрсетілген мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе почта жөнелтімдері түрінде, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы үшінші тұлғаға құқықтардың (талаптардың) ауысуы туралы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша үшінші тұлғаға (Шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері) одан әрі төлемдерді жүзеге асыру қажеттігін көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасу, немесе Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруға берген жағдайда – сервистік компания), Шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемі, Шарт</li> </ul>	<p>2.4.5. уведомить заемщика (или его уполномоченного представителя) при заключении договора, содержащего условия перехода права (требования) Кредитора по настоящему Договору третьему лицу (далее - договор уступки права требования):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- до заключения договора уступки уведомить Заемщика – физическое лицо по договору о предоставлении микрокредита, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности о планируемой уступке прав (требований) Кредитора по Договору третьему лицу, а также об обработке (передаче) персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой, посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные им в Заявлении, а также через объекты информатизации;</li> <li>- о переходе прав (требований) третьему лицу, посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные им в Заявлении, а также через объекты информатизации, в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня заключения договора уступки права требования с указанием необходимости осуществления дальнейших платежей по Договору третьему лицу (наименование, место нахождения и банковские реквизиты лица, которому уступлены права (требования) по Договору, либо в случае передачи прав (требований) по договору в доверительное управление – сервисной компании), объема переданных прав (требований) по Договору, размера и структуры задолженности по Договору (основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойка (штраф,</li> </ul>



<p>бойынша берешектің мөлшері мен құрылымы (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және төленуге жататын басқа да сомалар);</p>	<p>пеня) и других подлежащих уплате сумм);</p>
<p>2.4.6. Қарыз алушыға SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап, бірақ 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей заңнамада белгіленген мерзімде Өтініште, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы көрсетілген мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне пошта жөнелтімдері түрінде мыналар туралы хабарлау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;</li> <li>- Шарт бойынша Қарыз алушы-жеке тұлғаның Кредиторға Шарттың 2.1.5-тармағында көзделген өтінішпен жүгіну құқықтары туралы;</li> <li>- Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.</li> </ul> <p>Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Шарт деректемелерінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;</li> <li>- Шарттың деректемелерінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алды;</li> <li>- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып;</li> </ul>	<p>2.4.6. уведомить Заемщика посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные им в Заявлении, а также через объекты информатизации, в срок установленный законодательством, но не позднее 10 (десяти) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательств по Договору:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- о возникновении просрочки по исполнению обязательств по Договору и необходимости внесения платежей с указанием размера просроченной задолженности на дату, указанную в уведомлении;</li> <li>- о правах Заемщика-физического лица по Договору обратиться к Кредитору с заявлением, предусмотренным п.2.1.5 Договора;</li> <li>- о последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств по Договору.</li> </ul> <p>Уведомление считается доставленным, если оно направлено Заемщику одним из следующих способов, предусмотренных Договором:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- на адрес электронной почты, указанный в реквизитах Договора;</li> <li>- по месту жительства, указанному в реквизитах Договора, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе получено одним из совершеннолетних членов семьи, проживающим по указанному адресу;</li> <li>- с использованием иных средств связи, обеспечивающих фиксирование доставки;</li> </ul>
